Қордай аудандық Қоғамдық кеңестің кезекті отырысының
№14 хаттамасы

Қордай ауылы **29.10.2026 жыл**
ӘDILET» партиясы филиалының мәжіліс залы **сағат 10:00**

Қатысқандар: - аудандық Қоғамдық кеңес мүшелері – 7 адам.
Қатыспағандар: - К.Агибаева, Қ.Батыров *(себепті, денсаулығына байланысты),* Т.Апаева *(себепті, іссапарда),* М.Аманбаева *(себепті, еңбек демалысында).*
Төрағалық етуші: Н.Молдабеков

Шақырылғандар: Қордай ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы С.Абдужалиева, «Қордай Су» КМК директоры Ж.Қойшыманов, БАҚ өкілдері.

Күн тәртібі:

1. **Аудан әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің аудан бойынша нысаналы индикаторларға қол жеткізуі туралы жұмысының нәтижелері бойынша есептерін талқылау** туралы;
2. **Аудандағы ауылдық елді мекендер тұрғындарының сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету жөнінде атқарып жатқан жұмыстары туралы *(Қордай СУ, АқСу)*;**
3. **Әртүрлі мәселелер.**

Н.Молдабеков:
Күн тәртібі жөнінде кімде қандай ұсыныс бар?
Ұсыныс – Бекітілсін.
Күн тәртібі бекітілді және отырыс ашық деп жариялансын.
Баяндамашыға 5-7 минуттан уақыт белгілейік
Сөз сөйлеушілерге - 3 минуттан уақыт белгілейік, келісесіздерме?
Басқа ұсыныс бар ма? Жоқ. Онда ұсынысты дауысқа коямын.
Қарсы? – жоқ. Қалыс? – жоқ.

Н.Молдабеков: Күн тәртібіндегі бірінші мәселесі бойынша – Бюджет, қаржы және құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын қолдау мәселелері жөніндегі комиссия мүшесі – Абилдаев Еркін Абилдаевич баяндайды.

Абилдаев Е: Өз сөзінде былай деді, «Қордай ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі 2005 жылы құрылған. Қордай ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы Абдужалиева Светлана Джамалбаевна.

Бөлім 1 сектордантұрады,ол экономикалық, бюджеттік саясат және жоспарлау, экономиканың базалық салаларын дамыту және әлеуметтік бағдарламалар секторы, оның ішінде 5 мемлекеттік қызметкерлер және келісім бойынша 3 қызметкер жұмыс атқаруда. Бөлімінің негізгі міндеттері: бюджеттік жоспарлау, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі бағыттарын өңдеу, мекеме арасындағы және салааралық үйлестіру, оның басымдылықтарын тиімді іске асыруға жағдай жасау.

2026 жылдың 9 айында келесі жұмыстар атқарылды:

1. «Қордай ауданының 2025 жылғы, 2026 жылдың 1-2-3 тоқсандағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары» туралы аудан әкіміне ақпарат дайындалды;

2. 2025 жылдың қорытындысы бойынша және 2026 жылдың әр айының қорытындысы бойынша Қордай ауданының төлқұжаты әзірленді;

3. Аудан әкімінің аудан тұрғындары алдында есеп беруіне мәлімет дайындалды;

4. 2025 жылдың қорытындысы бойынша Қордай ауданының ауылдық елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуына мониторинг жүргізілді;

5. Қордай ауданын дамытудың 2026-2030 жылдарға арналған бағдарламасы туралы есептері әзірленді;

6. Қордай ауданының шекаралық елді-мекендерін дамытудың 2026 жылға арналған іс-шаралар жоспары» бойынша есеп әзірленді және облыс басқармасына тапсырылды;

7. Облыс әкімімен аудан әкімі арасындағы келісім бойынша орындалуы туралы бойынша тоқсан сайын есеп әзірленді және облыс басқармасына тапсырылды;

8. Статистикалық мәліметтер бойынша барлық салаларға ай сайын талдау жасап, басшылыққа мәлімет әзірленді;

9. «Әділет» партиясының Жамбыл облысы Қордай ауданы бойынша сайлауалды бағдарламасы және жол картасы әзірленді.

2010-2025 жылдары **«Дипломмен ауылға»** бағдарламасы аясында аудан бойынша 305 маманға 1 082 859,6,6 мың теңге несие берілді оның ішінде: 195 маман – білім беру, 88 маман – денсаулық сақтау, 7 маман – мәдениет, 5 маман – спорт, 2 маман – әлеуметтік қамсыздандыру, 8 маман – АӨК салаларында жұмыс істейді және 1393 маман 287 197,6 мың теңгеге көтерме жәрдемақы алды, оның ішінде 905 маман – білім беру, 371 маман – денсаулық сақтау, 27 маман – мәдениет, 26 маман – спорт, 15 маман – әлеуметтік қамсыздандыру, 45 маман – АӨК салаларында, мемлекеттік қызметшілер-4. Жалпы 2010-2024 жылдары аралығында мерзімінен ерте несиены төлеген - 102 маман, ағымды жылы бойынша

- 17 маман. Бүгінгі таңда, тұрғын үй сатып алу үшін несие алған саны - 203 маман сомасы 569405,1 мың теңгені құрайды.

«Дипломмен ауылға» бағдарлама бойынша 2025 жылға республикалық трансферттен тұрғын үй сатып алуға 11 маманға 102232,0 мың теңге қаражат бөлінді. 2025 жылдың қаңтар-желтоқсан айлары аралығында 11 маман тұрғын үй сатып алу үшін несие алды *(8 үй 2500 АЕК, 3 үй 2000 АЕК), оның ішінде сала кесіндісінде мамандар саны: денсаулық сақтау – 8 маман (8 үй 2500 АЕК), білім – 3 маман (3 үй 2000 АЕК).*

2025 жылдың қаңтар-желтоқсан айлары аралығында аудандық бюджет есебінен 55 маманға көтерме жәрдемақы сомасы 21626,0 мың теңге төленді, (*оның ішінде сала кесіндісінде мамандар саны: денсаулық сақтау – 32 маман, білім – 21 маман, әлеуметтік қамсыздандыру – 1, спорт -1).*

«Дипломмен ауылға» бағдарлама бойынша 2026 жылға республикалық трансферттен тұрғын үй сатып алуға 10 маманға 103800,0 мың теңге қаражат қарастырылды (8 үй 2500 АЕК, 2 үй 2000 АЕК), оның ішінде сала кесіндісінде мамандар саны: денсаулық сақтау – 3 маман (3 үй 2500 АЕК), білім – 2 маман (1 үй 2500 АЕК, 1 үй 2000 АЕК), әлеуметтік қамсыздандыру – 1 (1 үй 2500 АЕК), спорт - 1 (1 үй 2500 АЕК), мәдениет -1 (1 үй 2500 АЕК), АӨК салаларында – 1 (1 үй 2000 АЕК), мемлекеттік қызметкер -1 (1 үй 2500 АЕК).

Бүгінгі таңда, тұрғын үй сатып алу үшін несие алған- 3 маман (*білім – 1 маман, денсаулық сақтау- 2 маман*).

Соңымен қатар, тұрғын үй сатып алу үшін несие алуға 1 маман кезектілікте тұр (*оның ішінде сала кесіндісінде мамандар саны: білім – 1 маман).*

2026 жылға аудандық бюджет есебінен 50 маманға көтерме жәрдемақы сомасы 21 625,0 мың теңге қарастырылды *(оның ішінде сала кесіндісінде мамандар саны: денсаулық сақтау – 20 маман, білім – 20 маман, әлеуметтік қамсыздандыру – 2, мәдениет – 2, спорт -2, АӨК салаларында – 2, мемлекеттік қызметкер -2).*

Бүгінгі таңда, аудандық бюджет есебінен 23 маманға сомасы 9947,5 мың теңгеге көтерме жәрдемақы берілді (*оның ішінде сала кесіндісінде мамандар саны: денсаулық сақтау –10 маман, білім – 8 маман, АӨК салаларында – 2, спорт –1 маман, мәдениет -2 маман).*

Аудандық экономика және бюджеттік жоспарлау бөліміне кіріс бойынша 706 құжаттар түсті (мемлекеттік тілде), шығыс бойынша - 506құжаттарға жауап берілді (мемлекеттік тілде), жеке және заңды тұлғалардын өтініштері бойынша – 25 (мемлекеттік тілде).

Есепті кезеңге аудандық бюджетке және ауылдық округтердің бюджетіне **12** нақтылау жасалды, **15** бюджеттік комиссия отырысы болды.

2026 жылға арналған аудандық бюджеттің кіріс бөлігі 20 459 786 мың теңгеге жоспарланған немесе 212 107 мың теңгеге ұлғайтылды оның ішінде:

- мемлекеттік басқарудың төмен тұрған органдарынан трансферттер 212 107 мың теңгеге ұлғайтылды (бюджеттік алулар).

Аудандық бюджет шығындарының жалпы көлемі 20 476 574 мың теңге сомасында жоспарлануда, немесе 212 107 мың теңгеге ұлғайтылды.

2026 жылға арналған ауылдық округтер бюджетінің кіріс бөлігі 5 023 759 мың теңгені құрайды немесе – 101 082 мың теңгеге ұлғайтылды, оның ішінде

- өзіндік кірістер – 32 025 мың теңгеге ұлғайтылды.
- аудандық бюджеттен трансферттер – 59 057 мың теңгеге ұлғайтылды, (оның ішінде ауылдық округтер бойынша азайтылды: Қарасу а/о - 5000 мың теңге; ұлғайтылды: Сұлутөр а/о – 3000 мың теңге; Қарасай а/о – 5330 мың теңге; Отар а/о – 5000 мың теңге; Алға а/о – 5291 мың теңге; Жамбыл а/о – 7000 мың теңге; Степной а/о– 10000 мың теңге; Қақпатас а/о – 15000 мың теңге; Сарыбулақ а/о – 13436 мың теңге.

Жалпы ауылдық округтер бойынша 2026 жылға арналған шығыстар 5 151 296 мың теңгені құрайды немесе 101 082 мың теңгеге ұлғайтылды.

Бөлім тарапынан 2027 - 2029 жылдарға арналған аудандық және 19 ауылдық округтер бюджеттернің жобалары қарастырылуына байланысты бюджеттік өтінімдерді қабылдау жұмыстары жүргізіліп келеді. Бұл мәселе бойынша аудан әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің аудан бойынша нысаналы индикаторларға қол жеткізу бағытында атқарған жұмыстарының нәтижелері туралы есептері талқыланды. Ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің орындалу барысы қаралып, белгіленген жоспарлар мен мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізу мәселелері сөз болды.

Баяндама аяқталды, Сұрақтарыңыз бар ма? – Жоқ.

Осы мәселе бойынша Қордай ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы – Абдужалиева Светлана Жамалбаевна Қоғамдық кеңестің мүшелері қойылғн барлық сұрақтарға жауап береді. Талқылау барысында Қоғамдық кеңес мүшелері тарапынан жауапты мекеме өкілдеріне бірқатар сұрақтар қойылып, өзекті мәселелер бойынша ұсыныстар айтылды. Көтерілген мәселелер мен ұсыныстар назарға алынды. (Анықтама тіркелінді).

Н.Молдабеков:

Шешім жобасы қолдарыңызда бар. Қандай ұсыныстарыңыз бар? Алып қосатындарыңыз бар ма? Егер қосымша ұсыныстарыңыз жоқ болса, дауысқа салып бекітулеріңізді сұраймын.

Қазақстан Республикасы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабының 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қордай аудандық Қоғамдық кеңесінің мүшесі Е.Әбілдаевтың баяндамасы назарға алынсын.Қордай ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімінің басшысы С.Абдужалиеваға:

- 2026 жылдың қорытындысы бойынша Қордай ауданының ауылдық елді мекендерінің әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне мониторинг жүргізілсін;
- Қордай ауданын дамытудың 2026–2030 жылдарға арналған бағдарламасының орындалу барысы туралы есептерді әзірлеу және оларды белгіленген тәртіппен өзектендіру ұсынылсын;
- статистикалық деректер негізінде ауданның барлық салалары бойынша ай сайын талдау жүргізу және оның нәтижелері туралы басшылыққа тиісті ақпарат ұсынылсын;

- 2026–2028 жылдарға арналған аудандық және 19 ауылдық округтің бюджеттерінің жобаларын қалыптастыру және қарау шеңберінде бюджеттік өтінімдерді қабылдау жұмыстарын нақтылау және тиісті деңгейде ұйымдастыру тапсырылсын.

2. Осы шешімнің орындалу барысы туралы ақпарат 2026 жылғы 20 желтоқсанға дейін Қордай аудандық Қоғамдық кеңесіне ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қордай аудандық Қоғамдық кеңесінің «Бюджет, қаржы және құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын қолдау мәселелері жөніндегі комиссиясына» (төрайымы А.Алматаева) жүктелсін.

Қарсы-? Қалыс? –жоқ. Бекітілсін.

Н.Молдабеков: Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша – Аграрлық саясат, табиғатты және жер ресурстарын пайдалану, техногендік үрдістер, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі комиссия хатшысы – Абилдаев Еркін Абилдаевич баяндайды. Ол өз сөзінде: Қордай аудандық Қоғамдық кеңестің кезекті отырысы өтті. Отырысқа Қоғамдық кеңестің төрағасы Н. Молдабеков төрағалық етіп, жиынға кеңес мүшелері мен бөлім басшылары қатысты.

Отырыстың күн тәртібіне аудан тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету және ауданның әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштеріне қол жеткізу мәселелері енгізілді.

Алғашқы мәселе бойынша аудандағы ауылдық елді мекен тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету бағытында атқарылып жатқан жұмыстар талқыланды. «Қордай Су» және «Ақсу Қордай» мекемелерінің осы бағыттағы қызметі қаралып, тұрғындарды үздіксіз әрі сапалы ауыз сумен қамту мәселесіне назар аударылды. Ауыз сумен жабдықтау жүйелерінің тұрақты жұмыс істеуі мен көрсетілетін қызмет сапасын арттырудың маңыздылығы атап өтілді.

«Қордай Су» КМК және Ақсу ЖШС –нің атқарылған жұмыстарының зерделуінің нәтижесі туралы баяндамасы тіркелінді.

Баяндама аяқталды, Сұрақтарыңыз бар ма? – Жоқ. Осы мәселе бойынша «Қордай Су» КМК директоры – Қойшыманов Жамбыл Сейдәзімұлы сұрақтарға жауап береді.

«Қордай Су» КМК директоры – Қойшыманов Жамбылдың баяндамасы және Ақсу ЖШС директорының ақпараты тіркелінді.

Н.Молдабеков: Шешім жобасы қолдарыңызда бар. Қандай ұсыныстарыңыз бар?

Алып қосатындарыңыз бар ма? Егер қосымша ұсыныстарыңыз жоқ болса, дауысқа салып бекітулеріңізді сұраймын.Шешім жобасы қолдарыңызда бар. Қандай ұсыныстарыңыз бар? Алып қосатындарыңыз бар ма? Егер қосымша ұсыныстарыңыз жоқ болса, дауысқа салып бекітулеріңізді сұраймын. Қарсы-? Қалыс? –Жоқ. Бекітілсін.

Қазақстан Республикасы «Қоғамдық кеңестер туралы» Заңының 16 бабының 3 тармақшасына сәйкес Қоғамдық кеңес **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

Қордай аудандық Қоғамдық кеңестің «Аграрлық саясат, табиғатты және жер ресурстарын пайдалану, техногендік үрдістер, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі комиссия» хатшысы Е.Әбілдаевтың баяндамасы назарға алынсын.

1. Қордай ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары «Қордай Су» шаруашылық жүргізу құқығындағы КМК директорының м.а. Д.Койшымановқа:

- аудан тұрғындарын ауыз сумен үздіксіз және тұрақты қамтамасыз ету мақсатында су құбырлары желілерінің, су тарату нысандарының және тиісті инфрақұрылымның техникалық жай-күйіне тұрақты бақылау жүргізу, анықталған ақаулар мен апаттық жағдайларды жедел анықтап, оларды белгіленген тәртіппен уақтылы жою шараларын қабылдау;
- ауыз сумен жабдықтау жүйелерінің үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету, су құбырларындағы тозған және істен шығу қаупі бар учаскелерді анықтау, олардың техникалық жағдайын бағалау және жөндеу жұмыстарын кезең-кезеңімен ұйымдастыру;
- тұтынушыларды ауыз сумен қамтамасыз ету барысында туындауы мүмкін үзілістердің алдын алу, су беру уақытша тоқтатылған жағдайда тиісті қалпына келтіру жұмыстарын жедел жүргізу және тұрғындарды бұл туралы уақтылы хабардар ету шараларын қарастыру;
- халыққа жеткізілетін ауыз судың сапасына тұрақты бақылау орнату, судың сапалық көрсеткіштеріне зертханалық талдауларды бекітілген кестеге және қолданыстағы санитариялық талаптарға сәйкес жүйелі түрде жүргізу, талдау нәтижелері бойынша анықталған сәйкессіздіктерді жоюға бағытталған тиісті шараларды қабылдау;
- «Қордай Су» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының қызмет көрсету аумағындағы 1721 су тұтынушыны су есептегіш құралдарымен толық қамту және кезең-кезеңімен есептегішті қамтамасыз ету бойынша тиісті жұмыс жүргізу ұсынылсын;
- су есептегіш құралдарын орнату бойынша жүргізілген жұмыстардың есебін жүйелі түрде жүргізу, орнатылған аспаптардың жарамдылығын, көрсеткіштерінің дұрыс тіркелуін және оларды пайдалану талаптарының сақталуын бақылау;
- су тұтынушыларымен түсіндіру жұмыстарын жүргізу арқылы суды ұтымды пайдалану, су ысырабын азайту, су есептегіш құралдарын орнатудың маңыздылығы және ауыз суға ұқыпты қарау мәселелері бойынша ақпараттық жұмыстарды күшейту;

2. Осы шешімнің орындалу барысы туралы ақпарат 2026 жылғы 20 желтоқсанға дейін Қордай аудандық Қоғамдық кеңесіне ұсынылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Қордай аудандық Қоғамдық кеңесінің «Аграрлық саясат, табиғатты және жер ресурстарын пайдалану, техногендік үрдістер, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, кәсіпкерлікті дамыту мәселелері жөніндегі комиссиясына» (төрайымы – К.Агибаева) жүктелсін.

Күн тәртібіндегі барлық сұрақтар қаралды. Шешім жобасы талқыланып, қабылданды.. Сіздерге көп рахмет.

Әр түрлі мәселелер бойынша қараша айында зерделеу жұмыстары:

1. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруда аудандық орталық аурухана, аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі, Қордай аудандық мансап орталығы бойынша атқарқарылып жатқан жұмыстарын зерделеу – «Қоғамдық құқықтық тәртіпті сақтау, азаматтардың құқықтарын қорғау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, әлеуметтік-мәдени салалар және қоғамдық, үкіметтік емес ұйымдармен байланыс мәселелері жөніндегі комиссия» төрағасы – Жамангозов Бейқұт Тлебалдыұлына тапсырылады.

2. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңына сәйкес 2025-2026 жылдары Қордай ауылдық округінің атқарылған жұмыстары туралы және округ әкімдігімен көрсетілген мемлекеттік қызметі бойынша зерделеу – «Бюджет, қаржы және құрылыс, көлік және коммуналдық шаруашылық салаларын қолдау мәселелері жөніндегі комиссиясы» - Алматаева Айнура Тұрлыбекқызына тапсырылады.

Осымен Қоғамдық кеңестің кезекті отырысын жабық деп жарияланды.

Қоғамдық кеңес төрағасы **Н.Молдабеков**

Қоғамдық кеңес хатшысы **Р.Имашева**